Қазақстандағы жылқы шаруашылығы елімізде мал шаруашылығы саласында маңызды орынға ие. Қазақстанның кең жайылымдық аумақтары және жыл бойы табиғи жайылымда ұстау жүйесі қоршаған орта жағдайларына жақсы бейімделген жылқы тұқымдарының қалыптасуына ықпал етті [Барминцев, 1958: 281; Нурушев, 2005: 383]. Нәтижесінде еліміздің батыс және оңтүстік-батыс өңірлерінде, әсіресе Арал-Каспий аймағы мен Маңғыстау түбегінде Адай жылқысы қалыптасты. Адай жылқысының қалыптасуы, биологиялық және шаруашылық ерекшеліктері отандық зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ю.Н. Барминцевтың зерттеу нәтижелері жергілікті жылқы тұқымдары мен типтері ұзақ мерзімді халықтық сұрыптау мен табиғи-климаттық жағдайлардың әсерінен қалыптасқанын дәлелдейді. Кейін М.Ж. Нурушев [Нурушев, 2005: 383]. Адай жылқысының эволюциясын, қазіргі жағдайын және оны өсіру перспективаларын кешенді түрде сипаттап, оның Қазақстанның батыс өңіріндегі маңызды жергілікті генетикалық ресурс екенін көрсетті. Адай жылқысының генофондын сақтау және селекциялық тұрғыдан пайдалану мәселелері кейінгі зерттеулерде де жалғасын тауып келеді [Нурушев, 2007: 127–128].

Адай жылқысы ұзақ уақыт бойы қазақ жылқысының жергілікті типтерінің бірі ретінде қарастырылып келді. Оның қалыптасуына жергілікті қазақ жылқыларымен қатар көршілес аймақтардың салт мінетін жылқыларының тарихи ықпалы болған. Соңғы жылдары жүргізілген селекциялық жұмыстардың нәтижесінде Адай жылқысының мәртебесі нақтыланып, ол жеке тұқым ретінде ресми танылды. Адай жылқысының негізгі ерекшеліктеріне шөл және шөлейт аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларына бейімділігі, жайылымдық жағдайда жыл бойы ұстауға төзімділігі, жүрдектігі және салт мінуге жарамдылығы жатады [Нурушев, 2005: 383; Нурушев, 2007: 127–128; Kabylybekova және т.б., 2024].

Жергілікті жылқы тұқымдарын сақтау мен тиімді пайдалану олардың фенотиптік және өнімділік ерекшеліктерін бағалаумен ғана шектелмейді. Популяциялардың генетикалық әртүрлілігі олардың бейімделу әлеуетін, селекциялық мүмкіндіктерін және ұзақ мерзімді тұрақтылығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Осыған байланысты молекулалық-генетикалық маркерлер жергілікті жылқы популяцияларындағы генетикалық өзгергіштікті, туыстық қатынастарды, инбридинг деңгейін және популяциялық құрылымды зерттеудің маңызды құралына айналды [Gemingguli және т.б., 2016; Kargayeva және т.б., 2020: 55–61].

Қазақстан жылқыларының молекулалық-генетикалық зерттеулері бірнеше кезеңде дамыды.

Алғашқы зерттеулерде митохондриялық ДНҚ маркерлері қолданылып, қазақ жылқыларының аналық линияларының жоғары әртүрлілігі және әртүрлі географиялық популяциялар арасында ортақ гаплотиптердің болуы анықталды [Gemingguli және т.б., 2016]. Кейін микросателлиттік немесе қысқа тандемді қайталанымдар (STR) негізіндегі зерттеулер Қазақстанның жергілікті жылқы популяцияларындағы генетикалық полиморфизмді бағалауға мүмкіндік берді [Beyshova және т.б., 2013: 85–91].

Генетикалық маркерлердің ішінде STR-локустары жоғары полиморфтылығымен, кодоминантты тұқым қуалауымен және геномда кең таралуымен ерекшеленеді. Осы қасиеттеріне байланысты олар жылқы популяцияларындағы генетикалық әртүрлілік пен өзгергіштікті, генетикалық дифференциацияны және популяциялық құрылымды бағалауда кеңінен қолданылды. Қазақстанда микросателлиттік маркерлер алғашында Қостанай және Мұғалжар сияқты отандық жылқы тұқымдарының генетикалық құрылымын сипаттау үшін пайдаланылды. Қостанай жылқысының негізгі аталық линияларын 17 микросателлиттік locus бойынша зерттеу олардың аллельдер құрамы мен жиіліктерінде айырмашылықтар бар екенін және жекелеген линияларда гетерозиготалар тапшылығы байқалатынын көрсетті [Beyshova және т.б., 2013: 85–91]. Мұғалжар жылқысының Қожамберді типіне жүргізілген микросателлиттік талдаулар да аталған популяцияның жоғары генетикалық әртүрлілікпен сипатталатынын көрсетті [Сыдыков және т.б., 2017: 25–25].

Адай жылқысына молекулалық-генетикалық әдістерді қолдану кейінгі зерттеулерде жүзеге асырылды. Каргаева және әріптестері Адай типті қазақ жылқыларының генетикалық құрылымын STR-маркерлер арқылы зерттеп, Маңғыстау аймағында өсірілетін жылқылар арасында популяция-шілдік генетикалық дифференциацияның бар екенін көрсетті [Kargayeva және т.б., 2020: 55–61]. Кейін Адай жылқысының биологиялық және өнімділік қасиеттерін генетикалық параметрлермен байланыстыра зерттеу барысында микросателлиттік ДНҚ локустарының полиморфизмі де қарастырылып, молекулалық маркерлерді Адай жылқысының селекциялық-генетикалық мониторингінде пайдалану қажеттілігі негізделді [Каргаева, 2022].

Соңғы жылдары жоғары тығыздықтағы геномдық маркерлер негізінде отандық жылқы тұқымдары зерттеле бастады. Мысалы, Адай, Жабы, Найман және Қазақстанның басқа да жылқы популяцияларын толық-геномдық SNP генотиптеу арқылы зерттеу жергілікті жылқы тұқымдарының генетикалық құрылымына сипаттама берілді [Pozharskiy және т.б., 2023]. Сонымен қатар соңғы митохондриялық зерттеулер Қазақстанның жергілікті жылқыларында жоғары аналық генетикалық әртүрлілік сақталғанын және тұқымдар арасындағы генетикалық құрылымның салыстырмалы түрде әлсіз екенін көрсетеді [Ualiyeva және т.б., 2026].

Жоғарыда аталған алдыңғы зерттеулердің едәуір бөлігі Адай жылқысын тұтас популяция немесе басқа қазақ жылқыларымен салыстырылатын бір генетикалық топ ретінде қарастырған. Осыған орай Адай жылқысының әртүрлі шаруашылықтарда өсірілетін субпопуляцияларының генетикалық әртүрлілігі мен өзгергіштігі, инбридинг көрсеткіштері, генетикалық дифференциация және құрылымын салыстырмалы зерттеу өзекті болып табылады. Мұндай зерттеу жұмыстары Адай жылқысын өсіретін жекелеген шаруашылықтар арасындағы генетикалық байланыс пен ықтимал субқұрылымды анықтау және тұқымның генетикалық ресурстарын сақтау, селекциялық жұмыстарды ғылыми негізде ұйымдастыру үшін маңызды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – 17 микросателлиттік STR-маркер негізінде Адай жылқысының Мұхит, Дархан және Ислам шаруашылықтарында өсірілетін популяцияларының генетикалық әртүрлілігін, генетикалық дифференциациясын және популяциялық құрылымын талдау болып табылады.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеуге Адай жылқысының үш популяциясына жататын барлығы 166 дара алынды. Оның ішінде Мұхит шаруашылығынан 67 бас, Дархан шаруашылығынан 56 бас және Ислам шаруашылығынан 43 бас жылқы зерттелді. Молекулалық-генетикалық талдау үшін әр дарадан биологиялық материал ретінде түбір фолликулалары сақталған жал қылшықтарының үлгілері жиналды. Алынған биологиялық үлгілер жеке таңбаланып, арнайы қағаз қораптарға салынды, келесі ретте ДНҚ-генотиптеу жұмыстарында пайдаланылды.

Адай жылқысы популяцияларының генетикалық әртүрлілігін бағалау үшін COrDIS Horse мультиплексті STR-панелі қолданылды. Амплификация өнімдеріне фрагменттік талдау капиллярлық электрофорез әдісімен *SeqStudio Genetic Analyzer* генетикалық құралында жүргізілді. Алынған электрофо-

реграммалардағы фрагменттердің өлшемдері мен STR-аллельдері *GeneMapper* бағдарламасы арқылы анықталды. Нәтижесінде әр дара үшін 17 STR локусы бойынша диплоидты генотиптік профиль қалыптастырылды.

Популяцияішілік және популяциялар арасындағы генетикалық әртүрліліктің негізгі көрсеткіштері *GenAlEx* бағдарламалық ортасында есептелді. Әр локус және популяция үшін аллельдер саны (N_a), эффективті аллельдер саны (N_e), Шеннонның ақпараттық индексі (I), байқалған гетерозиготалық (H_o), күтілетін гетерозиготалық (H_e) және үлгі көлеміне түзетілген күтілетін гетерозиготалық (uHe) анықталды. Сонымен қатар гетерозиготалардың күтілетін деңгейден ауытқуын бағалау үшін фиксация индексі (F) есептелді. Популяцияларға тән дара аллельдер (*private alleles*) анықталып, олардың әр популяциядағы кездесу жиіліктері есептелді.

Популяцияішілік және популяциялараралық генетикалық дифференциацияны сипаттау үшін Райттың F-статистикалық көрсеткіштері – F_{IS} , F_{IT} және F_{ST} есептелді. Популяциялар арасындағы ген ағынының теориялық деңгейі Nm көрсеткіші арқылы бағаланды. Үш популяция арасындағы генетикалық ұқсастық пен айырмашылықтарды бағалау үшін *Nei* бойынша үлгі көлеміне түзетілген генетикалық дистанция (*Nei's Unbiased Genetic Distance*) және популяциялар арасындағы жұптық F_{ST} көрсеткіштері есептелді [Nei,1978].

Зерттелген даралардың генотиптері негізіндегі генетикалық қатынастарын және популяциялар арасындағы құрылымдық ерекшеліктерін бағалау үшін *GENETIX* бағдарламасы қолданылды [Belkhir және т.б., 2004].

Зерттелген Адай жылқысы популяцияларының генетикалық құрылымын бағалау үшін *Bayesian clustering* әдісіне негізделген *STRUCTURE* v2.3.4 бағдарламасы қолданылды.

Ықтимал генетикалық кластерлер саны $K = 1-5$ аралығында бағаланды. Әр *STRUCTURE* талдауы үшін бастапқы burn-in кезеңі 100 000 итерацияны, одан кейінгі *Markov chain Monte Carlo (MCMC)* кезеңі 200 000 итерацияны құрады [Pritchard et al.,2000]. Талдау даралардың аралас генетикалық тектілігіне мүмкіндік беретін *Admixture model* және кластерлер арасындағы аллель жиіліктерінің өзара байланысын ескеретін *Correlated allele frequencies model* негізінде жүргізілді [Falush және т.б., 2003].

Әртүрлі K мәндері үшін алынған нәтижелер негізінде модельдердің ықтималдығын сипаттайтын $LnP(K)$ көрсеткіштері салыстырылды. Генетикалық кластерлердің оңтайлы санын анықтау үшін *Evanno* әдісіне негізделген ΔK критерийі қолданылды [Evanno және т.б., 2005].

Статистикалық және популяциялық-генетикалық талдаулардан алынған нәтижелерді өңдеу, графикалық визуализациялау және суреттерді жарияланым форматына келтіру R статистикалық бағдарламалау ортасында жүргізілді.

Генетикалық әртүрлілік көрсеткіштерін (N_a , N_e , I , H_o , H_e , F және т.б.) өңдеу және визуализациялау барысында *ggplot2*, *dplyr* және *tidyr* пакеттері қолданылды. *dplyr* деректерді сұрыптау және түрлендіру, *tidyr* деректер құрылымын графикалық талдауға бейімдеу, ал *ggplot2* негізгі статистикалық графиктерді құру және безендіру үшін пайдаланылды.

Nei генетикалық дистанциясы мен жұптық F_{ST} көрсеткіштерін салыстырмалы түрде бейнелейтін жылу карталарын (*heatmap*) құру кезінде *ggplot2*, *dplyr*, *tidyr* пакеттерімен қатар әртүрлі графикалық шкалаларды бір суретте қолдануға мүмкіндік беретін *ggnewscale* пакеті пайдаланылды. Популяциялардағы гетерозиготалық және басқа генетикалық көрсеткіштерді радарлық диаграмма түрінде көрсету үшін *fmsb* пакеті қолданылды.


Нәтижелер.

Адай жылқысының үш популяциясындағы генетикалық әртүрлілікті бағалау мақсатында 17 микросателлиттік локус бойынша аллельдік көрсеткіштер есептелді (Сурет – 1). Зерттеуге барлығы 166 дара алынды, оның ішінде Мұхит шаруашылығынан – 67, Дархан шаруашылығынан – 56 және Ислам шаруашылығынан – 43 бас жылқы болды.

Зерттелген локустар бойынша аллельдер саны төрттен он алтыға дейін ауытқыды. Ең жоғары аллельдік әртүрлілік ASB17 локусында байқалды: Мұхит популяциясында 15, Дархан популяциясында 16 және Ислам популяциясында 11 аллель анықталды. VHL20 локусы да жоғары аллельдік әртүрлілікпен сипатталып, популяцияларға байланысты 10–11 аллельді қамтыды.

Ең төмен аллельдер саны HTG7 локусында анықталды. Бұл локус бойынша Мұхит популяциясында бес, Дархан популяциясында алты және Ислам популяциясында төрт аллель анықталды. HTG4 локусында барлық популяцияда алты аллельден анықталды.

Эффективті аллельдер саны зерттелген локустар бойынша 1,914-тен 8,329-ға дейін өзгерді. Ең жоғары эффективті аллельдер саны VHL20 локусында байқалды, оның мәні Ислам популяциясында 8,329 болды. ASB17 локусы да жоғары эффективті аллельдік әртүрлілікпен сипатталып, бұл көрсеткіш Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларында тиісінше 7,773, 7,746 және 7,970 мәндерін құрады. Сонымен қатар ASB2 локусы бойынша эффективті аллельдер саны Мұхит популяциясында 5,989, Дархан популяциясында 6,499 және Ислам популяциясында 4,155 болды. Ең төмен эффективті аллельдер саны HTG4 локусында анықталды. Бұл локус бойынша Ne көрсеткіші Мұхит популяциясында 2,265, Дархан популяциясында 1,914 және Ислам популяциясында 2,088 болды. Салыстырмалы түрде төмен мәндер HTG7 локусында да байқалып, популяцияларға байланысты 3,491–3,840 аралығында өзгерді.



Сур. 1. Зерттеуге алынған үш популяция бойынша генетикалық әртүрлілік көрсеткіштерінің салыстырмалы нәтижесі.
[Fig. 1. Comparative analysis of genetic diversity parameters among the three studied populations].

Шеннонның ақпараттық индексі зерттелген локустар бойынша 0,955-тен 2,363-ке дейін өзгерді. Ең жоғары индекс ASB17 локусында анықталды: Мұхит популяциясында 2,322, Дархан популяциясында 2,363 және Ислам популяциясында 2,221 болды. VHL20 локусы да жоғары ақпараттылықпен сипатталып, Шеннон индексі Мұхит популяциясында 2,105, Дархан популяциясында 2,152 және Ислам популяциясында 2,180 мәндерін құрады. Сонымен қатар ASB2 локусында бұл көрсеткіш тиісінше 1,902, 2,023 және 1,715 болды.

Ең төмен Шеннон индексі HTG4 локусында анықталды. Бұл локус бойынша көрсеткіш Мұхит популяциясында 1,196, Дархан популяциясында 0,955 және Ислам популяциясында 1,133 болды. Төменірек ақпараттық мәндер HTG7 локусында да байқалып, үш популяцияда 1,339–1,412 аралығында өзгерді. Жалпы алғанда, VHL20 және ASB17 локустары жоғары эффективті аллельдер саны мен Шеннон индексінің мәндері бойынша ең ақпаратты маркерлер ретінде ерекшеленді, ал HTG4 локусы салыстырмалы түрде төмен генетикалық әртүрлілік көрсетті.

Популяциялар арасында аллельдердің орташа саны Мұхит популяциясында $8,941 \pm 0,546$, Дархан популяциясында $8,824 \pm 0,551$ және Ислам популяциясында $7,765 \pm 0,425$ мәндерді көрсетті. Эффективті аллельдер саны тиісінше $5,096 \pm 0,362$, $5,092 \pm 0,372$ және $4,838 \pm 0,373$ мәндерін құрады. Шеннонның ақпараттық индексі Дархан популяциясында $1,775 \pm 0,077$, Мұхит популяциясында $1,769 \pm 0,068$ және Ислам популяциясында $1,706 \pm 0,066$ болды.

Барлық зерттелген микросателлиттік локустар үш популяцияда да 100 % полиморфты болды. Жалпы үш популяция бойынша бір локусқа шаққандағы аллельдердің орташа саны $8,510 \pm 0,298$, ал эффективті аллельдердің орташа саны $5,008 \pm 0,209$ болды. Шеннонның ақпараттық индексі $1,750 \pm 0,040$ мәніне тең екені анықталды.

Кесте 1. Адай жылқысының зерттелген популяциялары бойынша генетикалық әртүрлілік және өзгергіштік көрсеткіштерінің орташа мәндері


Популяция	Көрсеткіш	Na	Ne	I	Ho	He	uHe	F
Мұхит	Орташа мән	8,941	5,096	1,769	0,805	0,784	0,789	-0,026
	SE	0,546	0,362	0,068	0,025	0,019	0,019	0,018
Дархан	Орташа мән	8,824	5,092	1,775	0,746	0,781	0,788	0,043
	SE	0,551	0,372	0,077	0,027	0,022	0,022	0,024
Ислам	Орташа мән	7,765	4,838	1,706	0,786	0,772	0,781	-0,021
	SE	0,425	0,373	0,066	0,020	0,019	0,020	0,019
Барлығы	Орташа мән	8,510	5,008	1,750	0,779	0,779	0,786	-0,001
	SE	0,298	0,209	0,040	0,014	0,011	0,012	0,012

Ескерту: Na – аллельдердің орташа саны; Ne – эффективті аллельдердің орташа саны; I – Шеннонның ақпараттық индексі; Ho – байқалған гетерозиготалық; He – күтілетін гетерозиготалық; uHe – үлгі көлеміне түзетілген күтілетін гетерозиготалық; F – фиксация индексі;

SE – стандарттық қате.

Зерттелген популяциялардың генетикалық өзгергіштігін бағалау үшін байқалған гетерозиготалық (Ho), күтілетін гетерозиготалық (He), үлгі көлеміне түзетілген күтілетін гетерозиготалық (uHe) және инбридинг коэффициенті (F) есептелді (Сурет – 2 және 3).

Байқалған гетерозиготалық (Ho) зерттелген локустар бойынша 0,446-дан 0,925-ке дейін өзгерді. Ең жоғары Ho мәні VHL20 және ASB2 локустарында Мұхит популяциясында анықталып, 0,925 болды. Сонымен қатар VHL20 локусы Дархан және Ислам популяцияларында да жоғары гетерозиготалықпен сипатталып, Ho көрсеткіші тиісінше 0,911 және 0,884 мәндерін құрады. Байқалған гетерозиготалық AHT4, HMS6 және CA425 локустарында да салыстырмалы түрде жоғары екені анықталды. Ең төмен Ho мәні HTG4 локусында байқалып, Дархан популяциясында 0,446, Мұхит популяциясында 0,493, ал Ислам популяциясында 0,558 болды.



Сур. 2. Зерттеуге алынған үш популяция бойынша генетикалық өзгергіштік көрсеткіштері.

[Fig. 2. Genetic variability parameters in the three studied populations].

Күтілетін гетерозиготалық (He) көрсеткіштері 0,478-ден 0,880-ге дейін өзгерді. Ең жоғары He мәні VHL20 локусында анықталып, Ислам популяциясында 0,880 болды. Сонымен қатар күтілетін гетерозиготалық ASB17, HMS3, HMS2, ASB23 және LEX3 локустарында да жоғары екені байқалды, олардың He мәндері негізінен 0,80-ден жоғары болды. Ең төмен He көрсеткіші HTG4 локусында анықталып, Дархан популяциясында 0,478, Ислам популяциясында 0,521, ал Мұхит популяциясында 0,558 болды.

Үлгі көлеміне түзетілген күтілетін гетерозиготалық (uHe) көрсеткіштері He мәндеріне ұқсас таралу сипаттап, 0,482-ден 0,890-ға дейін өзгерді. Ең жоғары uHe мәні VHL20 локусында Ислам популяциясында (0,890) анықталды, ал ең төмен көрсеткіш HTG4 локусында Дархан популяциясында

(0,482) байқалды. Үш популяция бойынша *uHe* мәндерінің *He* көрсеткіштерінен сәл жоғары болуы пайдаланылған түзетудің үлгі көлемінің айырмашылығын ескеретінін көрсетті.

Локустар бойынша фиксация индексінің (*F*) мәндері -0,172 мен 0,292 аралығында өзгерді. Ең төмен, яғни ең теріс *F* мәні HTG6 локусында Ислам популяциясында (-0,172) анықталды. Сонымен қатар теріс *F* мәндері HMS7, ASB2, АНТ4, VHL20, СА425 және басқа да бірқатар локустарда тіркеліп, бұл локустар бойынша байқалған гетерозиготалықтың күтілетін деңгейден жоғары екенін көрсетті.


Керісінше, ең жоғары оң *F* мәні LEX3 локусында Дархан популяциясында (0,292) анықталды. Сондай-ақ салыстырмалы түрде жоғары оң мәндер ASB17 (0,165), ASB23 (0,132), HTG6 (0,111) және LEX3 локустарында Ислам популяциясында (0,103) байқалды.

Популяциялар бойынша орташа байқалған гетерозиготалық Мұхит популяциясында $0,805 \pm 0,025$, Ислам популяциясында $0,786 \pm 0,020$ және Дархан популяциясында $0,746 \pm 0,027$ болды. Күтілетін гетерозиготалық көрсеткіштері үш популяция арасында айтарлықтай айырмашылық көрсетпей, тиісінше $0,784 \pm 0,019$, $0,772 \pm 0,019$ және $0,781 \pm 0,022$ мәндерін құрады. Үлгі көлеміне түзетілген күтілетін гетерозиготалық (*uHe*) Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларында сәйкесінше $0,789 \pm 0,019$, $0,788 \pm 0,022$ және $0,781 \pm 0,020$ болды. Фиксация индексінің орташа мәні Мұхит популяциясында $-0,026 \pm 0,018$, Ислам популяциясында $-0,021 \pm 0,019$, ал Дархан популяциясында $0,043 \pm 0,024$ болды.

Зерттелген үш популяция бойынша барлығы 29 дара аллель анықталды. Олардың ішінде ең көп дара аллельдер Мұхит популяциясында табылды (14 аллель), Дархан популяциясында 10, ал Ислам популяциясында 5 дара аллель анықталды (Сурет – 3).

Дара аллельдер жалпы 12 микросателлиттік локуста кездесті. Олардың ең көп саны HMS3 және HTG10 локустарында анықталды (әрқайсысында төрт аллель). Сонымен қатар ASB17, ASB23, HTG7 және LEX3 локустарында үштен, HMS2, HTG6 және СА425 локустарында екіден, ал АНТ4, HMS1 және HMS7 локустарында бір-бірден дара аллель табылды.

Дара аллельдердің жиілігі 0,007-ден 0,037-ге дейін аралықта екені байқалды. Ең жоғары жиілік Мұхит популяциясындағы СА425 локусының 225 аллелінде (0,037) және Дархан популяциясындағы HTG10 локусының 107 аллелінде (0,036) анықталды. Ислам популяциясында ең жоғары жиілік HTG10 локусындағы 121 аллельге тиесілі болып, 0,035 құрады. Жалпы алғанда, анықталған дара аллельдердің басым бөлігі төмен жиілікте (0,007–0,027) кездесті.



Сур.3. Әр популяция бойынша анықталған дара аллельдер мен олардың кездесу жиілігі (сол жақта) және инбридинг дәрежесі (оң жақта).

[Fig. 3. Private alleles and their frequencies in each population (left) and the degree of inbreeding (right)].

Адай жылқысының зерттелген үш популяциясындағы генетикалық құрылым мен дифференциация деңгейін бағалау үшін Райт *F*-статистикалары – *F_{IS}*, *F_{IT}* және *F_{ST}*, сондай-ақ ген ағынының теориялық көрсеткіші *N_m* есептелді.

Локустар бойынша *F_{IS}* мәні -0,087-ден 0,112-ге дейін өзгерді. Ең жоғары мәндер LEX3 (*F_{IS}* = 0,112) және ASB17 (*F_{IS}* = 0,106) локустарында анықталып, осы маркерлер бойынша гетерозиготалардың салыстырмалы тапшылығына ие болды. Керісінше, HMS7 (*F_{IS}* = -0,087), ASB2 (*F_{IS}* = -0,082), АНТ4 (*F_{IS}* = -0,054), СА425 (*F_{IS}* = -0,046) және HMS6 (*F_{IS}* = -0,045) локустарында гетерозиготалардың артықшылығы байқалды.

Популяциялар арасындағы генетикалық дифференциацияның деңгейін анықтау үшін F_{ST} мәні есептелді. Локустар бойынша F_{ST} мәні 0,007-ден 0,044-ке дейін өзгерді. Ең жоғары генетикалық дифференциация LEX3 локусында анықталды ($F_{ST}=0,044$). Одан кейін ASB23 ($F_{ST}=0,036$), HMS7 ($F_{ST}=0,027$), HMS6 ($F_{ST}=0,025$) және HTG10 ($F_{ST}=0,024$) локустары ерекшеленді. Ең төмен F_{ST} мәндері VHL20, HTG6 және АНТ5 локустарында анықталды.

Барлық популяциялар біртұтас генетикалық жиынтық ретінде қарастырылған кездегі жалпы фиксация индексі үшін F_{IT} мәні есептелді. Локустар бойынша F_{IT} мәні -0,060 пен 0,151 аралығында өзгерді. Ең жоғары көрсеткіш LEX3 локусында анықталды ($F_{IT}=0,151$), бұл осы локус бойынша барлық популяциялар біріктірілген кезде гетерозиготалардың айқын тапшылығы байқалғанын көрсетеді. Сонымен қатар ASB17 ($F_{IT}=0,113$), ASB23 ($F_{IT}=0,065$), HMS3 ($F_{IT}=0,061$), HTG4 ($F_{IT}=0,047$) және АНТ5 ($F_{IT}=0,042$) локустарында оң мәндер анықталды. Керісінше, ASB2 ($F_{IT}=-0,060$), HMS7 ($F_{IT}=-0,058$), АНТ4 ($F_{IT}=-0,041$), VHL20 ($F_{IT}=-0,034$) және СА425 ($F_{IT}=-0,032$) локустарындағы мәндер гетерозиготалардың күтілетін деңгейден артық болғанын көрсетті. Локустар бойынша (N_m) мәні 5,386-дан 36,699-ға дейін өзгерді. Ең жоғары ген ағыны VHL20 локусында ($N_m=36,699$), ал ең төмен көрсеткіш LEX3 локусында ($N_m=5,386$) анықталды.

Үш популяция бойынша есептелген F-статистикалардың орташа мәндері $F_{IS}=0,000\pm 0,014$, $F_{IT}=0,018\pm 0,014$ және $F_{ST}=0,018\pm 0,003$ көрсетті. Ген ағынының теориялық орташа көрсеткіші $N_m=18,876\pm 2,650$ болды.

Кесте 2. зерттеуге алынған үш популяция бойынша генетикалық құрылым мен дифференциация деңгейі.

Локус	FIS	FIT	FST	Nm
VHL20	-0,041	-0,034	0,007	36,699
HTG4	0,039	0,047	0,008	29,523
АНТ4	-0,054	-0,041	0,013	18,940
HMS7	-0,087	-0,058	0,027	9,096
HTG6	0,006	0,013	0,007	34,486
АНТ5	0,035	0,042	0,007	34,094
HMS6	-0,045	-0,019	0,025	9,877
ASB23	0,030	0,065	0,036	6,701
ASB2	-0,082	-0,060	0,020	12,356
HTG10	0,005	0,029	0,024	10,228
HTG7	-0,017	-0,008	0,009	28,534
HMS3	0,043	0,061	0,019	12,903
HMS2	0,001	0,021	0,020	11,947
ASB17	0,106	0,113	0,008	30,829
LEX3	0,112	0,151	0,044	5,386
HMS1	-0,010	0,012	0,022	11,146
СА425	-0,046	-0,032	0,014	18,139
Орташа мән $\pm$ SE	0,000 $\pm$ 0,014	0,018 $\pm$ 0,014	0,018 $\pm$ 0,003	18,876 $\pm$ 2,650


Популяциялар арасындағы генетикалық қатынастарды бағалау үшін N_{ei} бойынша үлгі көлеміне түзетілген генетикалық дистанциясы (*Nei Unbiased Genetic Distance*) және жұптық F_{ST} көрсеткіштері есептелді (Сурет – 4А).

N_{ei} -дің түзетілген генетикалық дистанциясы бойынша ең төмен мән Мұхит пен Дархан популяциялары арасында анықталып, 0,038 болды. Дархан мен Ислам популяциялары арасындағы генетикалық дистанция 0,071, ал ең жоғары мән Мұхит пен Ислам популяциялары арасында анықталып, 0,106 құрады.

Жұптық F_{ST} көрсеткіштері 0,009–0,018 аралығында ауытқыды. Ең төмен F_{ST} мәні Мұхит пен Дархан популяциялары арасында анықталды ($F_{ST}=0,009$). Дархан мен Ислам популяциялары арасында бұл көрсеткіш 0,014, ал Мұхит пен Ислам популяциялары арасында 0,018 болды.


Зерттелген Адай жылқысы популяцияларының генетикалық құрылымын бағалау үшін көпөл-

шемді факторлық талдау (AFC – Factorial Correspondence Analysis) және Bayesian clustering негізіндегі STRUCTURE талдауы жүргізілді.



Сур. 4. Популяциялар арасындағы генетикалық қашықтық (А) және негізгі компоненттер талдауының (Б) нәтижелері
[Fig. 4. Genetic distance among populations (A) and results of principal component analysis (B)]

AFC кеңістігінде зерттелген даралардың орналасуы үш популяция арасында белгілі бір генетикалық құрылым бар екенін көрсетті (Сурет – 4В). AFC1 жалпы генетикалық өзгергіштіктің 62,78 %-ын, AFC2 37,22 %-ын түсіндірді. Дархан популяциясының даралары негізінен екінші AFC2 бойынша жоғары мәндері аймағында шоғырланып, екі популяциядан салыстырмалы түрде айқынырақ ажырады. Ислам популяциясының даралары көбіне AFC1 бойынша теріс бағытындағы бөлігінде орналасса, Мұхит популяциясы AFC1 бойынша оң мәндер аймағына көбірек ығысқан. Сонымен қатар топтардың таралу аймақтарында ішінара қабаттасу да байқалды.




Сур. 5. Зерттелген жылқы популяциялары үшін генетикалық кластерлердің оңтайлы санын (K) анықтау: А – K мәндеріне байланысты орташа LnP(K) көрсеткіштері; В – Evanno әдісі бойынша ΔK мәндері.
[Fig. 5. Determination of the optimal number of genetic clusters (K) for the studied horse populations: A – mean LnP(K) values across K values; B – ΔK values according to the Evanno method].

STRUCTURE талдауы 1 және 5 K аралығында жүргізілді. Mean LnP(K) көрсеткіші K=1-ден K=3-ке дейін айқын жоғарылап, одан кейін K=4-5 деңгейлерінде салыстырмалы түрде тұрақтанды (Сурет – 5А). Evanno әдісі бойынша ең жоғары ΔK = 16,32 мәні K = 3 кезінде анықталды (Сурет – 5В). Салыстыру үшін ΔK көрсеткіші K=2 кезінде 2,66, ал K=4 кезінде тек 0,53 болды. Осыған байланысты зерттелген популяциялар үшін генетикалық кластерлердің ең ықтимал және оңтайлы саны K = 3 екені анықталды.

K=2–5 аралығындағы STRUCTURE нәтижелері зерттелген популяциялардың генетикалық

құрылымының күрделі және аралас сипатта екенін көрсетті (Сурет – 6). $K=2$ кезінде екі негізгі генетикалық компоненттің популяциялар бойынша әртүрлі арақатынасы байқалды. K санының 3-ке дейін ұлғаюымен үшінші генетикалық компонент бөлініп, Мұхит, Дархан және Ислам популяциялары арасындағы құрылымдық айырмашылықтар анығырақ көрінді. Сонымен бірге әр популяцияның ішінде бірнеше генетикалық компоненттің болуы даралардың едәуір бөлігінде аралас тектіліктің (Admixture) бар екенін көрсетті.



Сур. 6. Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларының STRUCTURE талдауы негізінде анықталған генетикалық құрылымы ($K=2-5$).

Әрбір тік баған жеке дараны, ал түрлі түстер оның генетикалық кластерлерге тиістілік үлесін (Q) көрсетеді.

[Fig. 6. Genetic structure of the Mukhit, Darkhan, and Islam populations inferred from STRUCTURE analysis ($K=2-5$). Each vertical bar represents an individual, while different colors indicate the proportion of membership (Q) in the genetic clusters].

Evanno критерийі бойынша оңтайлы $K=3$ моделіне сүйенсек, үш генетикалық кластердің ешқайсысы зерттелген популяциялардың біреуіне ғана абсолютті түрде тән емес екені байқалады. Мұхит, Дархан және Ислам топтарының барлығында үш кластердің компоненттері әртүрлі пропорцияда кездеседі. Дегенмен олардың салыстырмалы үлестері популяциялар арасында өзгереді: Мұхит популяциясында бірінші кластер компоненті салыстырмалы түрде көбірек байқалса, Дархан мен әсіресе Ислам популяциясында екінші компоненттердің үлесі артады. Ал Мұхит популяциясы үшінші кластер арқылы Дархан мен Ислам популяциясынан ажыратылады. Бұл көрініс AFC нәтижелеріндегі популяциялар арасындағы ішінара ажырау және сонымен қатар олардың бір-бірімен қабаттасуымен сәйкес келеді.

Талқылау.

Зерттеу нәтижелері Адай жылқысының Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларында жоғары деңгейдегі микросателлиттік полиморфизмнің сақталғанын көрсетті. Зерттелген 17 STR локусының барлығы үш популяцияда да полиморфты болды, Анықталған нәтижелер Адай жылқыларының популяцияішілік генетикалық әртүрлілігінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді.

Адай жылқысына жүргізілген алдыңғы STR зерттеуімен салыстырғанда қазіргі нәтижелер осы тұқымның аллельдік қорының жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді [Kargayeva және т.б., 2020] Маңғыстау облысындағы «Таушық» шаруашылығынан алынған 33 Адай жылқысын 17 микросателлиттік локус бойынша зерттеп, барлығы 122 аллель және бір локусқа шаққанда орта есеппен 7,17 аллель анықтаған [Kargayeva және т.б., 2020: 55–61]. Біздің зерттеуде үш шаруашылықтағы іріктемеде орташа аллельдер саны 8,510 болды. Бұл айырмашылық іріктеме көлемінің ұлғаюымен, үш түрлі шаруашылықтың қамтылуымен және әр популяциядағы сирек аллельдердің қосымша анықталуымен байланысты болуы мүмкін.

Адай жылқысындағы анықталған генетикалық әртүрлілік Қазақстанның басқа жергілікті жылқы тұқымдарында алынған нәтижелермен де сәйкес келеді. Seleuova et al. Мұғалжар жылқысының 70

дарасын 16 STR локусы бойынша зерттеп, бір локусқа шаққандағы орташа аллельдер санын 7,882, эффективті аллельдер санын 4,457, байқалған гетерозиготалықты 0,7546 және күтілетін гетерозиготалықты 0,7757 деп көрсеткен [Seleuova және т.б., 2018]. Сонымен қатар ең жоғары полиморфизм ASB17 локусында анықталған. Ал бұл зерттеудегі Адай жылқысы популяцияларында орташа N_a 7,765–8,941, ал N_e 4,838–5,096 аралығында болды, яғни бұл көрсеткіштер Мұғалжар жылқысындағы мәндермен салыстырмалы немесе біршама жоғары. ASB17 локусының жоғары ақпараттылығы екі зерттеуде де байқалуы осы маркердің қазақтың жергілікті жылқы популяцияларындағы генетикалық әртүрлілікті бағалауда жоғары ақпараттық құндылыққа ие екенін көрсетеді.

Осыған ұқсас нәтижелер Blohina және Khrabrova зерттеуінде де алынған. Авторлар 15 жергілікті жылқы тұқымының 2193 дарасын 17 STR локусы бойынша зерттеп, көптеген жергілікті тұқымдарда жоғары генетикалық әртүрлілік пен сирек немесе жеке аллельдердің сақталғанын анықтаған [Blohina және т.б., 2025]. Атап айтқанда, Мұғалжар жылқысында бір локусқа шаққандағы орташа аллельдер саны 9,060, эффективті аллельдер саны 5,051, $H_o=0,801\pm0,022$, $H_e=0,781\pm0,019$ және $F_{IS}=-0,025$ болған. Бұл көрсеткіштер әсіресе Мұхит популяциясындағы $N_a=8,941$, $N_e=5,096$, $H_o=0,805$, $H_e=0,784$ және $F=-0,026$ мәндеріне өте жақын. Мұндай ұқсастық Қазақстанның жергілікті табынды жылқыларында генетикалық әртүрліліктің салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталуы ортақ ерекшелік болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Қызылорда және Қарағанды өңірлеріндегі жылқы популяциялары 25 STR локусы бойынша зерттеліп, барлық локустардың полиморфты екені, орташа $H_o=0,780\pm0,016$, $H_e=0,765\pm0,010$ және Шеннон индексі $1,68\pm0,04$ болғаны анықталған [Досыбаев және т.б., 2023: 80–89]. Қазіргі Адай популяцияларында $H_o=0,746-0,805$, $H_e=0,772-0,784$ және $I=1,706-1,775$ аралығында өзгерді. Осылайша, Адай жылқысында байқалған генетикалық өзгергіштік Қазақстандағы басқа жергілікті жылқы популяцияларында анықталған нәтижелерге сәйкес келетіні анықталды.

Зерттелген Адай жылқысы популяцияларында байқалған гетерозиготалықтың орташа мәні Мұхитта $0,805\pm0,025$, Исламда $0,786\pm0,020$ және Дарханда $0,746\pm0,027$ болды. Күтілетін гетерозиготалық сәйкесінше $0,784\pm0,019$, $0,772\pm0,019$ және $0,781\pm0,022$ мәндерін құрады. Мұхит пен Ислам популяцияларында H_o көрсеткішінің H_e мәнінен шамалы жоғары болуы гетерозиготалардың әлсіз артықшылығын көрсетсе, керсінше Дархан популяциясында гетерозиготалардың салыстырмалы тапшылығы байқалды. Соған сәйкес орташа фиксация индексі Мұхитта $-0,026$, Исламда $-0,021$, ал Дарханда $0,043$ болды.

Жергілікті жылқы тұқымдарының көпшілігінде теріс немесе нөлге жуық F_{IS} мәндері байқалатыны Blohina және Khrabrova зерттеуінде де көрсетілген [Blohina және т.б., 2025]. Авторлар мұндай жағдайды зерттелген популяцияларда айқын инбридингтің болмауы және генетикалық теңгерімнің салыстырмалы түрде сақталуымен байланыстырады. Сондықтан Мұхит пен Ислам популяцияларындағы теріс F мәндерін айқын инбридингтің жоқтығын көрсететін белгі ретінде қарастыруға болады. Дархан популяциясындағы әлсіз оң F мәні гетерозиготалардың белгілі бір тапшылығын көрсеткенімен, оның шамасы жоғары емес және бұл популяцияда күшті инбридинг қалыптасқан деген қорытынды жасауға жеткіліксіз. Дегенмен алдағы селекциялық жұмыстарда аталықтарды қолдануда инбридинг мәселесін ескере отырып жұптастыру жоспарын жүргізу ұсынылады.

Локустар бойынша айырмашылықтардың болуы да назар аударуға тұрарлық. Адай жылқысында LEX3 локусында Дархан популяциясында ең жоғары оң $F=0,292$ мәні анықталды, ал кейбір басқа локустарда теріс мәндер байқалды. Seleuova et al. зерттеуінде де Мұғалжар жылқысында жекелеген локустар бойынша F_{IS} мәндерінің бағыты әртүрлі болған және LEX3 локусында гетерозиготалардың айқын тапшылығы байқалған [Seleuova және т.б., 2018]. Бұл жекелеген маркерлердегі гетерозиготалық тапшылығы жалпы популяциялық инбридингтен бөлек қарастырылуы керектігін көрсетеді.

Зерттелген үш популяцияда жалпы 29 дара аллель анықталды: Мұхит популяциясында 14, Дарханда 10 және Исламда 5 аллель. Олар 12 STR локусында кездесті және басым бөлігінің жиілігі $0,007-0,027$ аралығында болды. Дара аллельдердің болуы әр шаруашылықта жалпы Адай генофонды аясында белгілі бір жергілікті генетикалық варианттардың сақталғанын көрсетеді.

Бұл нәтиже жергілікті жылқы тұқымдарына тән құбылыс ретінде қарастырылуы мүмкін. Blohina және Khrabrova жергілікті жылқы тұқымдарында көптеген сирек және ерекше STR аллельдердің сақталғанын көрсеткен [Blohina және т.б., 2025]. Олардың зерттеуінде Мұғалжар жылқысында CA425E аллелі тек осы тұқымда және өте төмен, $0,009$ жиілікте анықталған. Сондықтан қазіргі зерттеуде төмен жиілікті дара аллельдердің анықталуы Адай жылқысындағы сирек генетикалық варианттар-

дың жергілікті деңгейде сақталуымен түсіндірілуі мүмкін.

Мұхит популяциясында дара аллельдер санының көбірек болуы оның генетикалық қорының салыстырмалы ерекшелігін көрсетуі мүмкін. Дегенмен бұл нәтижені популяцияның толық оқшаулануы ретінде түсіндіруге болмайды, өйткені басқа көрсеткіштер, әсіресе төмен F_{ST} , жұптық генетикалық қашықтықтар және STRUCTURE нәтижелері үш популяция арасында айтарлықтай генетикалық ортақтық бар екенін көрсетті. Сондықтан дара аллельдер бұл жағдайда толық генетикалық оқшаулануды емес, ортақ генофонд ішінде сирек жергілікті варианттардың сақталуын сипаттайды. Сонымен қатар дара аллельдер санының көбірек болуы өнімділігі жоғары аталық іздің жиі қолдануменде түсіндіруге болады.

Үш популяция бойынша Райттың F-статистикаларының орташа мәндері $F_{IS}=0,000\pm 0,014$, $F_{IT}=0,018\pm 0,014$ және $F_{ST}=0,018\pm 0,003$ болды. F_{IS} мәні зерттелген іріктеме бойынша гетерозиготалардың жалпы тапшылығы байқалмайтынын көрсетеді. Бұл нәтиже Адай жылқысының үш популяциясында STR маркерлері деңгейінде популяция ішілік инбридинг белгісі жоқ екенін көрсетеді.

$F_{ST}=0,018$ мәні популяциялар арасындағы генетикалық дифференциацияның төмен екенін көрсетеді. Бұл жағдайда генетикалық өзгергіштіктің негізгі бөлігі шаруашылықтар арасындағы айырмашылықтардан гөрі популяциялар ішіндегі даралар деңгейінде сақталған деп түсіндіруге болады. Қазақстан жылқыларына жүргізілген басқа STR зерттеулерінде де төмен немесе салыстырмалы әлсіз популяциялық жіктелу анықталған. Мысалы, Қызылорда және Қарағанды жылқыларында локустар бойынша F_{ST} мәндерінің $0,001-0,056$ аралығында болғанын көрсетілген [Досыбаев және т.б., 2023: 80–89]. Қазақстанның жеті жылқы популяциясын 11 STR маркерімен зерттеуде, жергілікті популяциялар арасында генетикалық құрылым болғанымен, олардың айқын толық оқшауланбағанын көрсеткен [Orazymbetova және т.б., 2023]. Бұл қазіргі Адай нәтижелерімен концептуалды түрде сәйкес келеді: шаруашылықтар арасында белгілі бір субқұрылым байқалғанымен, жалпы дифференциация әлсіз.

F_{IT} көрсеткішінің орташа мәні $0,018$ болуы барлық популяцияларды біртұтас жиынтық ретінде қарастырғанда жалпы гетерозигота тапшылығының өте әлсіз екенін көрсетеді. Сонымен бірге LEX3 және ASB17 сияқты жекелеген локустарда жоғары оң F_{IT} мәндерінің болуы локус деңгейіндегі ерекшеліктердің бар екенін көрсетеді. Сондықтан жалпы популяциялық көрсеткіштерді жеке локустардағы ауытқулардан ажыратып қарастыру маңызды.

Ген ағынының теориялық орташа көрсеткіші $Nm=18,876\pm 2,650$ болды. Мұндай жоғары есептік мән популяциялар арасындағы генетикалық оқшауланудың әлсіздігін және ортақ генетикалық қордың сақталғанын көрсетуі мүмкін. Шаруашылықтар арасында жылқы алмасу, өндіруші айғырларды пайдалану немесе тарихи ортақ ата-тектік қор мұндай генетикалық ұқсастықтың ықтимал себептері болуы мүмкін. Дегенмен Nm F_{ST} мәніне негізделген теориялық модельдік көрсеткіш болғандықтан, оны қазіргі уақыттағы нақты мигранттардың саны ретінде түсіндіруге болмайды. Сондықтан бұл көрсеткіш популяциялар арасындағы генетикалық байланысты жанама сипаттайтын параметр ретінде ғана қарастырылады. Сонымен қатар зерттелген популяциялар бір тұқым екенінде ескеру керек, яғни миграция жүруіне ол үлкен себеп, екінші мәселе шаруашылықтардың эволюциялық тарихы ұзақ еместігі белгілі.

N_e генетикалық дистанциясы және жұптық F_{ST} нәтижелері үш шаруашылық арасында әлсіз, бірақ бағытталған генетикалық айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Ең жақын жұп Мұхит пен Дархан популяциялары болды: N_e бойынша дистанциясы $0,038$ және жұптық $F_{ST}=0,009$. Дархан мен Ислам арасында генетикалық дистанция $0,071$ және $F_{ST}=0,014$ болса, ең үлкен айырмашылық Мұхит пен Ислам популяциялары арасында анықталды: генетикалық дистанция $0,106$ және $F_{ST}=0,018$. Бұл мәндердің барлығы абсолюттік тұрғыдан жоғары емес, сондықтан үш популяцияны бір-бірінен терең генетикалық ажыраған топтар ретінде қарастыруға негіз жоқ. Дегенмен жұптық қашықтықтардың бір бағытта өзгеруі Мұхит-Дархан жұбының генетикалық тұрғыдан салыстырмалы жақын, ал Мұхит-Ислам жұбының салыстырмалы алысырақ екенін көрсетеді. Мұндай әлсіз ішкі дифференциация шаруашылықтардағы селекциялық тарих, айғырларды таңдау, табындардың қалыптасу ерекшеліктері және сирек аллельдердің әртүрлі таралуы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін.

AFC талдауы үш популяция арасында белгілі бір генетикалық құрылым бар екенін көрсетті. Дархан даралары факторлық кеңістікте салыстырмалы ерекшеленсе, Мұхит және Ислам популяциялары да белгілі бағыттар бойынша ығысу көрсетті. Сонымен бірге топтардың таралу аймақтары ішінара қабаттасты. Мұндай көрініс популяциялардың толық оқшауланбағанын, бірақ олардың генетикалық

құрамында әлсіз субқұрылым бар екенін көрсетеді.

STRUCTURE талдауы бұл қорытындыны толықтырды. Evanno критерийі бойынша ең ықтимал генетикалық кластерлер саны $K=3$ болды, ал ΔK максималды мәні 16,32-ге жетті. Дегенмен $K=3$ моделінде үш кластердің ешқайсысы жеке бір шаруашылыққа абсолютті түрде тән болған жоқ: Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларының барлығында бірнеше генетикалық компонент әртүрлі пропорцияларда кездесіп, айқын *Admixture* байқалды. Сондықтан $K=3$ нәтижесін «үш шаруашылық үш жеке генетикалық популяцияға толық сәйкес келеді» деп түсіндіру дұрыс емес. Керісінше, ол ортақ генетикалық негіздің ішінде үш негізгі компоненттің бар екенін және олардың салыстырмалы жиіліктері шаруашылықтар арасында өзгеретінін көрсетеді. AFC-дегі қабаттасу, төмен F_{ST} және STRUCTURE нәтижелері бір-бірін толықтырып, Адай жылқысының зерттелген популяцияларында әлсіз, бірақ анықталатын субқұрылым бар екенін көрсетеді.

Бұл нәтиже Қазақстан жылқыларына жүргізілген кең ауқымды зерттеулермен де үйлеседі. Geringguli және т.б., mtDNA D-loop деректері бойынша қазақ жылқыларында жоғары генетикалық әртүрлілік пен күрделі популяциялық тарихты көрсеткен [Geringguli және т.б., 2016]. Жақында Ualiyeva және т.б., Қазақстанның жергілікті жылқыларын, соның ішінде Адай тұқымын, митохондриялық COI және *cytb* гендері бойынша зерттеп, жоғары гаплотиптік әртүрлілікпен қатар әлсіз тұқымдық құрылым және популяциялар арасындағы тарихи генетикалық байланыстарды анықтаған [Ualiyeva және т.б., 2026]. Бұл mtDNA деректері қазіргі STR нәтижелерін тікелей алмастырмайды, бірақ Адай және басқа қазақ жылқыларында генетикалық әртүрліліктің жоғары әрі популяциялық жіктелудің салыстырмалы әлсіз болуы кеңірек тарихи генетикалық үдерістермен үйлесетінін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Адай жылқысының Мұхит, Дархан және Ислам популяцияларында генетикалық әртүрліліктің жоғары деңгейде сақталғанын көрсетеді. Адай жылқысының зерттелген үш популяциясын толық оқшауланған генетикалық топтар емес, ортақ генетикалық негізі бар, бірақ салыстырмалы әлсіз субқұрылыммен және *admixture* сипатымен ерекшеленетін популяциялар жүйесі ретінде сипаттауға болады.

Қорытынды.

17 STR локусы бойынша Адай жылқысына тиесілі үш популяцияның генетикалық әртүрлілігі талданды. Қолданылған барлық STR локустарының полиморфты болуы, аллельдердің орташа санының $8,510 \pm 0,298$ және эффективті аллельдер санының $5,008 \pm 0,209$ болуы Адай жылқысының зерттелген популяцияларында аллельдік әртүрліліктің жоғары екенін сипаттайды. Байқалған және күтілетін гетерозиготалық көрсеткіштерінің салыстырмалы жоғары болуы да зерттелген популяцияларда генетикалық өзгергіштіктің жеткілікті деңгейде сақталғанын көрсетеді.

Жалпы F_{IS} мәні зерттелген іріктемеде айқын гетерозигота тапшылығының байқалмағанын көрсетті. Сонымен қатар $F_{ST}=0,018$ болуы Мұхит, Дархан және Ислам популяциялары арасындағы генетикалық дифференциацияның төмен деңгейде екенін және олардың генетикалық тұрғыдан өзара жақын екенін дәлелдейді. Популяциялар арасындағы жұптық салыстырулар Мұхит пен Дарханның генетикалық тұрғыдан ең жақын, ал Мұхит пен Исламның салыстырмалы түрде ерекшеленетін жұп екенін көрсетті.

Зерттелген үш популяцияда барлығы 29 дара аллельдің анықталуы ортақ генетикалық қор аясында әр шаруашылыққа тән сирек генетикалық варианттардың сақталғанын көрсетеді. Дара аллельдердің ең көп саны Мұхит популяциясында анықталды, бұл популяцияның өзіндік генетикалық қорын сипаттайды және оны сақтау селекциялық жұмыстар барысында генетикалық әртүрліліктің тарылуына жол бермеу тұрғысынан маңызды.

AFC және STRUCTURE талдаулары F-статистикалар мен генетикалық қашықтық нәтижелерін толықтыра отырып, зерттелген популяциялар арасында әлсіз генетикалық субқұрылымның бар екенін анықтады. STRUCTURE талдауында $K=3$ ең ықтимал модель ретінде анықталғанымен, популяциялардың толық генетикалық оқшауланбағанын және олардың ортақ генетикалық негізінің сақталғанын көрсетеді.

Осылайша, зерттелген Адай жылқылары жоғары генетикалық әртүрлілікпен, төмен популяцияаралық дифференциациямен және *Admixture* сипатындағы әлсіз генетикалық субқұрылыммен ерекшеленді. Алынған нәтижелер Адай жылқысының қазіргі генетикалық жағдайын сипаттайтын молекулалық-генетикалық деректерді толықтырады және тұқымның генетикалық ресурстарын сақтау үшін популяциялардағы генетикалық әртүрлілікті тұрақты бақылаудың маңыздылығын көрсетеді.

Анықталған популяциялық ерекшеліктер мен сирек дара аллельдерді ескеру генетикалық әртүрлілікті сақтауға, өндіруші аталықтарды негізді іріктеуге және Адай жылқысына бағытталған селекциялық бағдарламаларды жетілдіруге ғылыми негіз бола алады.

REFERENCES

- Barmincev Yu.N. (1958). *Evolutsiya konskikh porod v Kazakhstane*. — Alma-Ata: Kazgosizdat. 281 p. [in Russ.].
- Dossybaev K.Zh., Sydykov D.A., Kapas T., Orazymbetova Z.S., Kozhanov Zh.E., Akhmetysadykova Sh.N., Baktybaev G.T., Akhmetov U.A., Baisaparov A.N., Nurmakhanbetov D.M., Turmukhametov Zh.S. (2023). Kyzylorda zhane Karagandy aymaktarynda osiriletin zhylyky populyatsiyalarynyn genetikalyk polimorfizmin bagalau. *Experimental Biology*. 2023. № 1 (94). Pp. 80–89. <https://doi.org/10.26577/eb.2023.v94.i1.07>; [in Kaz.].
- Kargayeva M.T. (2022). *Biologicheskie i produktivnye osobennosti adaevskikh loshadey v usloviyakh poluostrova Mangyshlak: dissertatsionnoe issledovanie*. 2022. [in Russ.].
- Nurushev M.Zh. (2005). *Adaevskaya loshad: evolyutsiya, sovremennoe sostoyanie i perspektivy razvedeniya*. — Astana: Astana-Poligrafiya. 383 p. [in Russ.].
- Nurushev M.Zh. (2007). Genofond adaevskikh loshadey Zapadnogo Kazakhstana. *Izvestiya Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta*. 2007. Pp. 127–128. [in Russ.].
- Sydykov D.A., Orazymbetova Z.S. (2017). Molekulyarno-geneticheskie metody v lineynom razvedenii loshadey kozhamberdinskoy porodnoy grupy. *Konevodstvo i konnyy sport*. 2017. № 4. Pp. 24–25. [in Russ.].
- Belkhir K., Borsa P., Chikhi L., Raufaste N., Bonhomme F. (2004). GENETIX 4.05, logiciel sous Windows™ pour la génétique des populations. Montpellier: Laboratoire Génome, Populations, Interactions, CNRS UMR 5171, Université de Montpellier II. 2004.
- Beyshova I., Kikebayev N., Kokanov S., Chuzhebayeva G., Nametov A.M. (2013). Genetic polymorphism of 17 microsatellite DNA loci in main lines of Kostanay breed horses. *Life Science Journal*. 2013. Vol. 10(10s). Pp. 85–91.
- Blohina N.V., Khrabrova L.A. (2025). Genetic characteristics of local horse breeds by microsatellite DNA loci. *Vavilovskii Zhurnal Genetiki i Seleksii // Vavilov Journal of Genetics and Breeding*. 2025. Vol. 29. № 1. Pp. 113–121. <https://doi.org/10.18699/vjgb-25-13>.
- Evanno G., Regnaut S., Goudet J. (2005). Detecting the number of clusters of individuals using the software STRUCTURE: a simulation study. *Molecular Ecology*. 2005. Vol. 14. № 8. Pp. 2611–2620. <https://doi.org/10.1111/j.1365-294X.2005.02553.x>.
- Falush D., Stephens M., Pritchard J.K. (2003). Inference of population structure using multilocus genotype data: linked loci and correlated allele frequencies. *Genetics*. 2003. Vol. 164. № 4. Pp. 1567–1587. <https://doi.org/10.1093/genetics/164.4.1567>.
- Gemingguli M., Iskhan K.R., Li Y., Qi A., Wunirifu W., Ding L.Y., Wumaierjiang A. (2016). Genetic diversity and population structure of Kazakh horses (*Equus caballus*) inferred from mtDNA sequences. *Genetic and Molecular Research*. 2016. Vol. 15. № 4. <https://doi.org/10.4238/gmr.15048618>.
- Kabybekova D., Assanbayev T.Sh., Kassymbekova Sh.N., Kantanen J. (2024). Genetic Studies and Breed Diversity of Kazakh Native Horses: A Comprehensive Review. *Advancements in Life Sciences*. 2024. Vol. 11. № 1.
- Kargayeva M.T., Baimukanov D.A., Nurbaev S.D., Baimukanov A.D., Alikhanov O., Yusupbayev Zh. (2020). Identification of Kazakh Horses by Microsatellite DNA Using Modern Analytical Methods. *Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. 2020. Vol. 4. № 386. Pp. 55–61. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.104>.
- Nei M. (1978). Estimation of average heterozygosity and genetic distance from a small number of individuals. *Genetics*. 1978. Vol. 89. № 3. Pp. 583–590. <https://doi.org/10.1093/genetics/89.3.583>.
- Orazymbetova Z., Ualiyeva D., Dossybayev K., Torekhanov A., Sydykov D., Mussayeva A., Baktybayev G. (2023). Genetic Diversity of Kazakhstani *Equus caballus* (Linnaeus, 1758) Horse Breeds Inferred from Microsatellite Markers. *Veterinary Sciences*. 2023. Vol. 10. Art. 598. <https://doi.org/10.3390/vetsci10100598>.
- Pozharskiy A., Abdrakhmanova A., Beishova I., Shamshidin A., Nametov A., Ulyanova T., Bekova G., Kikebayev N., Kovalchuk A., Ulyanov V., Turabayev A., Khusnitdinova M., Zhambakin K., Sapakhova Z., Shamekova M., Gritsenko D. (2023). Genetic structure and genome-wide association study of the traditional Kazakh horses. *Animal*. 2023. Vol. 17. № 9. Art. 100926. <https://doi.org/10.1016/j.animal.2023.100926>.
- Pritchard J.K., Stephens M., Donnelly P. (2000). Inference of population structure using multilocus genotype data. *Genetics*. 2000. Vol. 155. № 2. Pp. 945–959. <https://doi.org/10.1093/genetics/155.2.945>.
- Seleuova L.A., Naimanov D.K., Jaworski Z., Aubakirov M.Zh., Mustafin M.K., Mustafin B.M., Safronova O.S., Baktybaev G.T., Turabaev A.T., Domatski V.N. (2018). Population genetic characteristic of horses of Mugalzhar breed by STR-markers. *Biomedical Research*. 2018. Vol. 29. № 18. Pp. 3508–3511.
- Ualiyeva D., Dossybayev K., Kapassuly T., Kozhakhmet A., Kozhanov Z., Kryukov K., Arita M., Torekhanov M., Torekhanov A. (2026). Mitochondrial DNA reveals high maternal diversity within a weak breed structure in native Kazakhstani horses. *Frontiers in Genetics*. 2026. Vol. 17. Art. 1874969. <https://doi.org/10.3389/fgene.2026.1874969>.

RESEARCH, RESULTS

SCIENTIFIC JOURNAL

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Құрылтайшысы және баспагері:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы»
КЕАҚ

Бас редактор

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы

Жауапты редактор

Мрзабаева Раушан Жалиевна

Компьютерде беттеген

Асанова Жадыра Миримхановна

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғылы, 8

Журнал сайты: <https://journal.kaznaru.edu.kz/>

29.08.2026 ж.